



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

газеттердің интернетке толық көшуі де осы ізденістерден туған талпыныс. Журналистика теоретигі Я. Н.Засурский «қызық құбылыс» ретінде бағалаған мына бір жайға назар аударудың маңызы зор [2]. Бұл – отандық ғалымдардың ұстанымдарының дұрыстығын бекіте түсетін дәлелдік деталь. «Қай елде интернет қолданушылары көп болса, сонда газет те көп»-дейді ғалым. Олардың қатарында Норвегия, Швеция, Финляндия секілді скандинавиялық елдер аталады. Мұның себебін ғалым ақпараттық қоғамда БАҚ-тың қоғамдық рөлінің маңызды болып қала беретінімен түсіндіруге тырысады.

Мойындау керек, БАҚ-тың мультимедиалық сипатқа ие болуы – ақпараттық қоғамның үлкен жетістігіне айналды. Осының арқасында «аудиовизуалды және мәтіндік БАҚ кірігіп, ақпараттық өнімде мәтін, сурет, дыбыс, видео жымдасып», «бір мазмұнды ақпараттың өзін түрлі жолдармен алу мүмкіндігі» пайда болды. Бұл үдерістер конвергенттік журналистика атты жаңа саланың дараланып шығуына әкелді.

Осы өзгерістер қоғамның әрбір мүшесін елдегі маңызды оқиғаларға бейжай қарамауға үйретті. Әр азаматтың өзіндік үні жалпыға жететін болды.

«Кез келген адамның тек тұтынушы ғана емес, өзіне тән бейнелерді өндіруші» екені білінді. Осылайша қайта өрлеу дәуіріндегі «адам – суреткер» ұғымы жаңа заманда өзгеше қырынан көрініс берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. М.,1991
2. Засурский Я.Н. Современный мир: глобальное информационное пространство//Вестник МГУ. Серия журналистика, 2005-№ 4.

СПОРТҚА АРНАЛҒАН САЛАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР

Маншарипова Гүлмира Батырбекқызы

mansharipova_g@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Шындалиева

Бүгінгі таңда, елімізде мазмұны мен безені сапалы спорт саласына арналған басылымдар баршылық. Әсіресе, газет жайлы әңгіме қозғасақ кемшіліктерге көп ұшырасамыз. Біреуінің мазмұны мен безені үйлеспей жатса, екіншісінің ақпараты жалған. Бұл дегеніміз – бізде мықты спорт журналистері, осы саланы терең жаза білетін публицистер аз дегенді білдірсе керек.

«Қазақ спорты» - республикалық апталық спорт газеті 2009 жылдың 30 желтоқсанынан бастап шыға бастады. Газет аптасына бір рет, 10000 данамен жарық көреді екен және көлемі 3 баспа табак, офсетті қағаз. Мұқаба мен артқы беті түрлі түсті, яғни бас-аяғы 2 айқарма парақтан тұрады. Мұқаба бетте газет атауының («Қазақ спорты») үстіңгі жағында, жалпы, осы саннан табылатын маңызды мақалаларға аңдатпа берілген. Ол жерде мақаладан үзінді, 6x4 форматында мәтінге қатысты фото-сурет ұсынылады. Мысалы, «Құнаннан озған Сүйіндік... Жеті түйенің алды болып, аяғы-аяғына тимей келе жатқан Тұралбайды көрген жұрт айқай-сүрең салып, алақайлап кетті» [1,1-б],- деп қысқаша үзінді беріп, түйеден озып бара жатқан ер адамның суретін жанына жайғастырған. Алайда әр кезде бұлай ұтымды шыға бермейтінін де байқап отырмыз. Мәселен, аталмыш газеттің осы санының (№ 01 (96) келесі аңдатпасына назар аударсақ. «Жапондық дзюдошылар бәске тігілген 64 медальдің 15-ін омырауларына таққан. Ал қазақ жүзу мен жүгіруден қашан олжа салады?» [1,2-б]. Бұл сілтемені қара нәсілді жеңіл атлеттің жүгіру үстіндегі көрінісі толықтырған. Енді осы тұста байқайтынымыз, бұл үзінді мақаланың кез-келген жерінен іріктелмей алына салынғаны белгілі. Егер нарық қатынастарына келер болсақ, қандай да бір болмасын тауардың беткі

жағына, орамасына, мұқабасына берілетін анықтамалық, түсіндірмелік мәтін ол тауарға тұтынушы тарту қызметін атқаратына мәлім. Яғни газет мұқабасына орналасқан аңдатпа да осы мақсатта тұр. Біздің қарастырып отырған мақалаға қысқаша сілтемеден дүкен сөрелерінен, кітапханалардан басылым іздеген оқырман не түсінеді? Қандай да бір бәсекеден жапондық дзюдошылар 64 медальдің 15-ін ұтып алыпты. Ал осыған біздің жүзушілеріміз бен жеңіл атлеттеріміздің қаншалықты қатысы бар. Оның үстіне, қара нәсілді желаяқтың көрінісі иллюстрация қызметін атқаруда. Мұндай үш жақты қиылыспайтын сөйлемдер оқырман назарын тарта қояды дегенге сенім аз. Сайып келгенде, ерінбей аңдатпада көрсетілген төртінші бетті ашып көрген тұтынушы «Африка жүйрік, АҚШ ұшқыр қайықтай, Жапон балуан... 2011 жылғы әлем чемпионаттарына шола қарағанда қазақ неге бейім деген сұрақ көлденеңдей береді» [1,3-б] атты сөз болып тұрғанын түсінер Алайда, көптеген басылым дүкендерінде газет-журнал беттерін парақтап тұруға «кішіпейіл» сатушы рұқсат ете бермейді. Мұқаба бетінде жайғасқан өзге де деректерге ат басын тіресек. Мұнда, көп жағдайда, сол аптада орын алған ірі жарыстарда олжа салған қазақ спортшылары сөз етіледі. Сондай-ақ, мұқаба бетінен Қазақстан спорт федерацияларда, осы саладағы әлемдік қауымдастықтарда болған өзгерістер, жиын, басқосулар тілге тиек етіледі. Көбіне көп, газет редакциясы маңызды деп таныған мақалалардың бас жағы беріліп, соңын қай беттен табуға болатыны көрсетіледі. «Қазақ спорты» басылымының айдарлары әр сан сайын толықтай болмаса да, бөлшектей өзгеріп тұрады. Мысалы, № 01(96) санының 2-беті «Аймағы мықты ел – Айбынды ел», 3-беті «Асыл мұра», 4-беті «Бес құрлықтағы бәсекелер», 5-беті «Жарыс көрігі – намыс», 6-беті «Алаштың ұлы – намыстың құлы» атты айдарлармен жарық көрген. Ал аталмыш газеттің № 2(97) санында 2-бетке «Спорт деген – бір сиқыр», 3-бетке «Топжарған», 4-бетке «Аймағы мықты ел – Айбынды ел», 5-бетке «Жарыс көрігі – намыс», 6-бетке «Алаштың ұлы – намыстың құлы» деген айдарлар тағылған. Осы аталып өткен бас тақырыптарға тоқтала өтсек. «Аймағы мықты ел – Айбынды ел» айдарында отандық спортшылардың жетістігі, футболдан ел біріншілігі, спорт басқармаларында болған жаңалықтар беріледі. Осы газеттің оқырман қызығушылығын оятып, сұраныс тудырып отырған келесі айдары – «Асыл мұра». Мұнда бағзыда өткен атақты спортшылар, ұлттық спорт түрінен ертеде өткен жарыстар, өрен сәйгүліктер жайында баяндалады. Мысалы, № 01(96) санының аталмыш айдарында «Хас жүйрікті қиядан таныған... ат бапкерлері туралы не білеміз немесе 400 ісек беріп алған Шұбар жүйрік жайлы әңгіме» атты көлемді мақала жарық көрген. Онда Атырау облысы, Қызылқоға ауданының ат бапкерлері, бәйгелерден оза шапқан атақты, ертеден шапса кешке озып, еңкейден шапса төске озатын тұлпарлар сөз болады. Сондай-ақ, мақала соңында атадан балаға мирас болып қалған ұлттық өнерімізді қазіргі жастар көзінің қарашығындай қорғап, қастерлеуі керек екені айтылады. «Асыл мұра» айдары шеңберінен «Құнаннан озған Тұралбай, түйеден озған Сүйіндік» атты мақалаға көзіміз түсті. Ертеде қазақтар арасында түрлі жиын-тойларды жас балаларды түйемен, итпен, атпен қосып жарыстыратын салт болғаны, өткен ғасырда Қытайдың Шыңжаң өлкесінде алдына екі аяқтыдан да, төрт аяқтыдан да жан салмаған қос қазақ – Тұралбай мен Сүйіндік жайлы әңгіме қозғалған. «Бес құрлықтағы бәсеке» айдарында әлемнің әр киырында өткен, өтетін жарыстарда отандастардың жеткен жетістіктері оқырман назарына ұсынылады. «Спорт деген – бір сиқыр» - айдары спорттық жарыстардан тыс қалған қызықты жәйттарды ұжымның, я болмаса жеке бір спортшының жеңіске жетуінің немесе ұтылып қалуының астарында ел білмейтін қандай сыр жатқанын ашып көрсетуге арналады. Сонымен қатар, басылымның әр санында шыға бермейтін басылымның бұл бөлігінде ірі жарыстар соңынан ел спортына қорытынды жасау, қателіктің қайдан кеткенін анықтау, әлемдік және отандық спортшылардың жеке бас өмірлерінен қызықты жағдайларды ұсыну да тиесілі. Мысалы, «Қазақ спорты» газетінің 2012 жылы 24 қаңтар күні шыққан аталмыш («Спорт деген – бір сиқыр») айдардың шеңберінде «Тайсон менен таяқ жер еді» атты атақты былғары қолғап шебері Мұхаммед Әлимен болған сұхбатты жариялапты: «Өткен аптада аты аңызға айналған Мұхаммед Әли жетпіс жастың жотасына шықты. Әйгілі боксшы 1942 жылы 17 қаңтарында Американың Луисвилл қаласында дүниеге келген еді. Он сегіз жастағы түбіт мұртты боз

бала Олимпиада ойындарының жеңімпазы атанды. Ол 22 жасында Чарльз Листонды жеңіп, кәсіпқой бокстағы әлем чемпионы атанды. « Ол көбелекше ұшып, араша шағатын еді» деп жарыса жазған еді газеттер. 1964 жылы «Қара мұсылмандар тобына еніп, Мұхаммед Әли деген есімді иеленеді. 1974 жылы Мұхаммед Әли өзінің шарықтау шыңына шыққан еді. Ол титулдық 25 жекпе-жек өткізіп, соның бәрінде жеңіске жетеді. Одан беріде оның өміріндегі ең басты жекпе-жегі өтеді. Киншосседе Джордж Форман мен Манилада Джо Фрезер Әлидің алдында тізе бүкті. 1981 жылы ол былғары қолғабын шегеге ілді» [2,1-6].

Мұхаммед Әли отыз жылдан бері паркинсон деген дертпен ауырады. Сұхбат беруді де сиреткен. Төменде біз сәті түскен сұхбаттың бірін назарларыңызға ұсынып отырмыз...», - деп басталған мақала ұтымды сұрақ пен тартымды жауаптармен жалғасып, оқырман қауымын баурап алады. Жоғарыда бұл бетте әлемде өткен ірі жарыстардан кейін ел спортына байланысты қорытынды жасайды деп айтқан болатынмын. Соған дәлел көрсете кетсем, № 2 (98) «Көрсеткіш көңіл көншітпеді» деген мақала жарық көрді. Әңгіме Инсбрукте өткен жасөспірімдер арасындағы қысқы олимпиада туралы болып отыр. Мұнда біздің елдің алғадай жастарының құрамасы нашар өнеркөрсеткені айтыла кетіп, қай спорт түрінен қандай орынға табан тірегендері кестемен берілген. Мақала соңында: «... Біздің спортшылар бұл Олимпиадада спорттың 10 түрі бойынша өнер көрсеткен болатын. Қол жеткізген нәтижеге көңіл шіркін тоймайды-ақ. Бірақ бізге жақсысын кім берсін?! Амал жоқ, бар үміт алдағы күндерден. Еске салар болсақ, осыдан екі жыл бұрын Сингапурде өткен жастардың жазғы Олимпиадасында қазақстандық өрендер 3 алтын, 2 күміс, 1 қола алған болатын» [2,2-6]. Келесі бір қызықты айдарға көз жүгіртсек, «Өмір-Дода» атауынан көрініп тұрғандай – ел спортындағы келеңсіз мәселелер, жазылмайтын дерттер, дамымай жатқан салалар жайлы әңгіме өрбітіледі екен. Сонымен қатар, отандық спортта қаракөз бауырларымыздың үлесі, жағдайы кейінгі кезде легионерлердің көбейіп бара жатқандығы да сөз болады. Мысалы, 2012 жылы 24 қаңтарда жарық көрген № 3(98) санының «Өмір-Дода» айдарында «Легионер шақыру – дертке айналмасын» атты Уәлихан Қосанбайдың ауыруға ем іздеген адамдай «шырқыраған» мақаласы басылыпты. Мұнда автор ел футболының жай-күйін, бүгінгі таңда тек клубтық ұжымдарда емес, құрама команданың өзінде сырттан келген ойыншылардың жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп бара жатқанын айтады. Автор ойынша, өз елін жырғатпаған, ұлтжандылық қасиеттен жұрдай келімсек футболшылар өзге елді қалай жарытпақ. Оларда қандай намыс, қандай жігер болсын. Сондай-ақ, мақалада құрама ойыншыларының жалақысы қанша және олар соған сай өнер көрсетіп жатыр ма деген мәселенің шеті көтерілген. Оның бәрі жақсы-ақ әрине. Әр қазақтың ойын жегідей жеп жүрген, күрмеулі мәселелер. Алайда мына бір тұста автордың жалған статистикаға жүгінгенін көзім шалып қалды. «Иә, шынында да бізде үлкен алаңда доп тебу былай тұрсын, жасөспірім балалар доп ойнайтын жасанды алаңдар кемде-кем. Осы кезде айта кететін жәйт, Батыс Еуропа елдерінде жылына 150-ден астам жасанды алаңдар пайдалануға беріледі екен. Ал бізде жылына 10 жасанды алаң да салынбайды. Мұның өзі кейбір қалталы азаматтар жеке меншігіне айналдырып алып жатады»[3,3-6]. Бұл сандарды автор қандай статистикаға жүгіне отырып жазғаны белгісіз. Бір аяны, 2011 жылы жаз айларында мен «Қазақстан-Тараз» телеарнасында редактор-журналист қызметінде жүріп, Жамбыл облысы бойынша 17 жасанды алаңның салтанатты ашылу рәсіміне қатыстым. Оның 7-і Тараз қаласында, қалған 10 алаң Мойынқұм, Қордай, Меркі, Құлан, Сарысу, Шу, Байзақ, Жамбыл, Талас, Жуалы аудандарында бір-бірден салынды. Жергілікті атқа мінерлер мен облыстық спорт басқармасының бірлесе отырып тұрғызған бұл спорт алаңдары ешкімнің де қарамағына өткен жоқ. Жергілікті жасөспірім футболшылардың тегін жаттығатын жерлеріне айналды. Бұл бір ғана облыста, ал автор жалпы республика бойынша оннан аспайды деген болатын. Мақаланың 2012 жылы жарық көргенін ескерсек, Уәлихан Қосанбай ағамыз елді жалған ақпаратпен алдау сыратқан. Сондай-ақ осы бетте Зейнел Жекейұлының «Кәріс қалай орыс болды?» деген өзекті мақаласы жарық көрген. Онда спорттың шорт-трек түрінен Оңтүстік Корея, Канада, Голландия, АҚШ, Қытай елдерінің айы оңынан туып тұрғалы қашан. Конькиден алдарына жан салмайтын ресей де шетелдік бапкерлер жалдап, буын

алмастырып, жаттығу үрдісін өзгертіп кенже қалған шорт-трегін дамытуда, ал өзімізге келер болсақ, астанадағы мұз айдындарын есептемегенде, Алатау баурайындағы Медеу мен Балуан Шолақты кеңінен пайдаланып, коньки спортын неге шарықтата көтермеске? Деген алқалы ой қозғап, ол үшін бізде бар мүмкіндік бар екендігін ескертеді.

«Аймағы мықты ел – Айбынды ел» айдары газеттің әр санында жарық көріп жүрген тұрақты айдар. Оның үстіне, «Қазақ спорты» деп аталып, төл спортымыз бен отандық саңлақтардың күйін күйттеген басылымға еліміздің әр тарапындағы додаларды баян ететін, қамтитын айдар керек екені бесенеден белгілі. Бұл бетте отандық және республикалық деңгейде өткен еліміздің әр облысындағы ірілі-ұсақты жарыстарды, спортшыларды, спортжанашырларын қалың оқырманға таныстырады. Сондай-ақ, тек газет тілшілері емес, спортсүйер азаматтардың да ой-пікір, арман-тілектері осы айдардың шеңберінен табылып жатады. Оған дәлел, «Қазақ спорты» газетінің 2012 жылы 31 қаңтарда № 4 (99) санында жарық көрген «Арманым – әлем шыңын бағындыру – дейді таэквондошы қыз Зарина» атты мақаланы Павлодар қаласының тұрғыны Ф. Әміренов жазған. Аталмыш мақаланың тақырыпқа кіру бөлігі, яғни, кіріспесі спорт басылымдарының мақалаларына тән емес, көбіне қоғамдық мақалаларға ұқсас болып келеді. Осы тұста, кіріспе бөлігін көрсете кетуді жөн деп таптым: «Бірде Павлодар қаласындағы таэквондо мектебінде аталмыш спорт түрінен республикалық жарыс өтті. Еліміздің әр аймағынан жиналған мықтылардың өнерін тамашалауға көппен бірге мен де бардым. Спортшы қыз – жігіттердің айқасын ыждаһаттылықпен қарап отыр едім, жерлестеріне қолдау білдіре айқайлап, құдды бір өзі өнер көрсетіп жатқандай күй кешіп отырған орта бойлы, мығым денелі қазақ қызын көзім шалды. Әлгі қызды сөзге тартып едім, Екібастұздан келгенін айтты. Сол кезде таэквондодан ел біріншілігінде топ жарып жүрген Зарина Сердалиеваның есімі оралып, «Сіз Зарина емессіз бе?» дедім. «Иә, ағай, мен соның өзімін», - деді жымыып. Көктен іздегенім жерден табылды. Өткен жылы осы бір жас спортшыны іздеп, Екібастұзға барғанымда кездесе алмаған едім. Енді, міне, жолым болды», деп бастаған екен мақаласын автор [4,1-6]. Мұнда Ф.Әміренов мырза өте ұтымды стиль таңдай білген деп ойлаймыз. Себебі, кәдімгі көркем шығарманың желісіне ұқсап келетін мақаласының кіріспесі бірден оқырман баурай алатына сенім мол.

Қазақ баспасөз құралдары арасында өзіндік орны бар, тамыры сонау тың игеру жылдарына кететін тағы бір спорт басылымы – «Sport» газеті. 1959 жылдан бері жарық көретін газетті бұл күнде белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы басқарады. Бұл күнде қазақ спортына жанашырлық танытып жүрген жоғарыда аталған «Қазақ спорты» мен «Sport» апталықтарын жан-жақты салыстыра отырып қарайтын болсақ, әр басылымның өзіндік ерекшеліктері, өзіндік ұқсастықтары бар. Мәселен, «Қазақ спорты» газетінің әр санында өзгермей жарық көріп отыратын өзіне тән айдарлары бар болатын. Сол айдарлар негізінде тақырыпты аша түсетін мақалалар жарық көріп жататын. Мысалы, «Ата мұра» айдарында ел тарихында орын алған ірі-ірі жарыстар, бәйгелер, сәйгүліктер туралы айтылса, «Аймағы мықты ел – айбынды ел» айдарында әр облыс, әр ауданда өткен турнирлерге, спортшыларға кеңінен тоқталып кетеді. Бұл тұрғыдан, яғни, құрылымдық жағынан «Sport» газетін алып қарасақ, мұнда «қатып қалған», көбіне-көп орын алып тұратын айдарлар жоқ. Алайда, басылымның әр санында жан-жақты қамтып кетуге тырысады. Мықты спортшылармен, бапкерлермен сұхбаттар, өзекті мақалалар жиі-жиі оқырманға жол тартады. Мысалы, аталмыш газеттің 2012 жылы 24 қаңтарда жарық көрген № 3 (4272) санының 2-бетінде еліміздің атақты балуаны Нұрмахан Тынәлиевтен алған көлемді сұхбат басылған. Мұнда Нұрмаханның күрес киімімен қара терге түсіп тұрған суреті мақала бойын жағалай өте үлкен форматта берілген. Мұның өзі мақалаға деген қызығушылықты арттырып, нағыз қазақы балуанның бет-бейнесін аша түскендей. «Қазақы балуанның бет-бейнесі» деп, айтуымызға себеп – мақала тақырыбы болып тұр. Яғни, «Маған халықтың намысы қымбат» деп ағынан жарылған Нұрмаханның бір ауыз сөзі. Енді сұхбаттың өзіне келер болсақ. Бүгінгі таңда неше түрлі қазақ тілді журнал, газеттер саны мейілінше көбейіп отыр. Барлығы да әнші «жұлдыздар», «от тілді, орақ ауызды» тележүргізушілер» берген сұхбаттардан ары аса

алмай жүр. Тіпті, сұхбаттарының өзі де отбасы, ошақ қасының айналасы. Ал мен жоғарыда атап өткен балуан Нұрмахан Тынәлиевтен «Sport» тілшілерінің алған сұхбатының ерекшеліктерін атап өтсем. Ең алдымен, мақала қалай басталған соған назар аударайық: «Балуандық атам заманнан қазақтың қанына біткен бекзат өнер. Қазақтың қай еркегі күреспеп еді дейсіз. Бірақ, ауыр салмақта қара күш иесі Қажымұқандай әлемге аты шығып, Әбілсейіт ағалардай күрес өнерінің шыңына шыққандар аз. Бүгінде дүниежүзі балуандары ауыр салмақта шартарапты шайқап жүрген қазақтың «Дәуқарасы» - Нұрмахан Тынәлиевпен санасады. Азғантай ғана уақытта өзінің кім екенін дәлелдеп, грек-рим күресінен әлемнің екі дүркін қола жүлдегері, Азия ойындарының алтын медалін алған Балұан Шолақтың ұрпағы болашағынан зор үміт күттіреді. Тіл-көзден сақтасын дейік, Нұрмаханның алар асулары әлі алда. Осыған орай балуанның қазіргі Лондонға дайындығын өз аузынан естігенді жөн көрдік» деп, бастаған екен сұхбатты. Осыдан кейін де, сұхбат барысында түрлі қызықты, тартымды, ойлы сұрақтар қоя білген. Бүгінгі таңда көп жағдайда көрініп жүргендей сұхбат алдын-ала дайындалып алмаған. Яғни, жауаптан сұрақ туып, әдемі бір үдеріспен жалғасып отырған. Жарыстардағы әділетсіздіктер, ұтылған белдесулер, басым түскен боз кілем тартыстары туралы әңгіме болып келіп, сұхбат соңына қарай: - «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дейді халық, шаңырақ көтеріп, анаңның қолын ұзартатын жасқа да келіп қалыпсың... деген қитұрқы сұраққа Нұрмахан: «Шынымды айтайын, әзірше үйлену туралы ойланбаппын да. Шыға қояйын деп тұрған қалыңдығым да жоқ. Мүмкін Олимпиададан кейін ойланып көруге болатын шығар. Бірақ, қазір маған жеке басымның жағдайынан гөрі, халықтың намысы, Олимпиада алтыны қымбат болып тұр» [5,1-б],- деп тартымды жауап бере білген. Қайсыбір басылымдардағыдай «қызың бар ма, аты кім, ол да өнер адамы ма, тойың қайда өтеді, қанша қонақ шақырасың» деген сынды мәнсіз-мағынасыз сұрақтарға қарағанда жоғарыдағы журналистің ым-ишараты әдемі шыққаны екі бастан белгілі. Одан әрі де, балуанның әзірге үйлену жайлы ойы жоқ екенін білген тілші қазбаламай, өзге сұрақ қойып, жабулы қазанды жабулы қалпында қалдырған. Сондай-ақ, аталмыш мақаланың тағы бір ұтымды тұсы – балуанның жеке жетістіктерін, туған жерін, туған жылын қысқаша мәлімет ретінде берген.

2012 жылы 24 қаңтарда №3(4712) санында тағы бір спортшы, бокстан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы Бекжан Кібітқалиевтің берген сұхбаты жарияланған екен. Мақаланың басында тілшіміз жаһан жеңімпазының жетістіктері, өткен чемпионат туралы жазып кеткен. Бұл жерде Оңтүстік Қазақстан облысының тілшісі Тағабай Қасым жас спортшыға қарапайым да, керек сұрақтарды қоя білген. Оған көкірегінде намысы бар, өршіл азамат еркін және саспай жауап бергені байқалады. «Боксқа Артаевтың арқасында келдім» деген тақырыбынан-ақ, мақаланың неден басталатыны, Бекжанның боксқа қалай келгені, жалпы сұхбат қалай өрбитіні белгілі болып тұр. Сұхбатты оқығанда мақсаты мықты, қайсар, қазақтың нағыз алаш баласы екеніне көзің жетіп, кәдімгідей мақтанып қалады екенсің. Сұхбаттың басында өзінің Қазығұрттың баурайындағы Рабат ауылының тумасы екенін айтып кеткен. Одан әрі: «Шынымды айтайын, 2004 жылы Афиныда өткен Олимпиада ойындарында Бақтияр Артаевтың атой салып, Баркер кубогын иеленуі маған ерекше әсер етті. Бақтияр ағамның шаршы алаңда дауыл туғызып, түйдектете соққылайтын әр жекпе-жегін теледидардан тамашалап отырып, бокстың арбауына ергенімді өзім де аңдамай қалдым. Сол сәттен бастап әр күнімді текке өткізбей, дамылсыз дайындалуға кірістім» деп, бар сырын ақтара түсті [6,2-б].

Аталмыш газеттің өзіндік ерекшеліктері көп-ақ. Соның бірі – әр беттің маңдайына бір сөйлемнен тұратын қысқаша спорт әлемінде орын алған жаңалықты бере кетеді. Кейбір маңызды жаңалықты форматы кішкентай 1x2, 2x3 пішінді суретпен безендіреді. Мысалы, 2012 жылы 24 қаңтарда №3(4712) санының 2-бетінде «Астана» командасы алдағы жылы Дакар-2012 авторалиіне қатыспауы мүмкін, бірақ «Африка рейс» авто бәйгесінде бақ сынайды» десе, осы нөмірдің 6-бетінде «Бендиден Алматыда өтетін әлем біріншілігіне Оралдың «Ақжайығынан» екі ойыншы өнер көрсетеді» деп, қысқаша ақпар берген. Мұндай жаңалықтар газеттің әр санында, әр бетінде жарияланып отырады.

Газет тілшілерінің тіл байлығы, сөз саптауы «Қазақ спорты» газетімен салыстыратын болсақ жұтаңдау келеді. Қысқа қайырады, жаттанды сөз тіркестерін пайдаланады. Әрине, екі басылымның бағыты екі түрлі болар, «Қазақ спорты» ұлттық өнерді дәріптеген, соның сойылын соққан, көсіле жазатын, тебірене беретін болса, «Sport» апталығы бір аптада орын алған әлемдік және отандық жарыстарда бақ сынаған спортшыларымыздың жеткен жетістіктері, дайындығы, ұтқаны мен ұтылысы сынды мәселелерді жіпке тізгендей етіп беру болар мақсаттары. Дегенмен, «Sport» газетіне жай сөзбен жай сандарды тізбектей бергенше, оқырман сусап отырған жанды-жанды тақырыптарды көтеріп, ашына-ашына жазған дұрыс па еді деген ойда қаласың.

Осы мақаланы жазу барысында спорт саласына арналған басылымдарда орын алып жатқан көптеген игі істер, келеңсіздіктермен де таныстық. Ең бастысы, спортқа арналған салалық басылымдардың безендірілуі жақсарса және мазмұндық сапасын артыру жағы көзделісе деген тілегіміз бар. Біз болашақта қазақ елін салауатты, сауатты, жан-жақты білімді, көзі ашық, көкірегі ояу ел ретінде көргіміз келсе, спорт саласына арналған баспасөзін ретке келтіруіміз керек деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Құнаннан озған Сүйіндік. // Қазақ спорты. 2010.-№01(96), 3-7 б.б
2. Қосанбай У. Тайсон менен таяқ жер еді. // Қазақ спорты. 2010.-№03(98), 4-6 б.б.
3. Қосанбай У. Легионер шақыру – дертке айналмасын. // Қазақ спорты № 3(98) 24 қаңтар, 2012.
4. Әміренов Ф. «Арманым – әлем шыңын бағындыру» - дейді таэквандошы қыз Зарина. // Қазақ спорты. 2012.-№4(99) 5-б.
5. Маған халықтың намыс қымбат. // Sport. 2012.-№3(4272) 2-3 б.б.
6. Қасым Т. Боксқа Артаевтың арқасында келдім. // Қазақ спорты. №3(4712). 24 қаңтар, 2012.

ПРОБЛЕМЫ СМИ В ИНТЕРНЕТЕ

Мендыбаева Алтын Муратовна

altyn_1994@mail.ru

Студент КГУ им. А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан

Научный руководитель - ст. преп. С.М Химич

Интернет, киберпространство, виртуальная реальность... Эта новая среда обитания права и массовой информации, создаваемая современными медиа, активно осваивающими онлайн и столь же активно конвергирующимися формирует потребность в новых способах регуляции - этических и правовых - общественных отношений, возникающих в информационной сфере жизни личности, общества, государства. На сегодняшний день журналистика в сети прогрессирует. В Республике Казахстан, как и в любой прогрессивной стране, есть закон «О средствах массовой информации». Статья 2 закона гласит: «Свобода слова, творчества, выражения в печатной и иной форме своих взглядов и убеждений, получения и распространения информации любым не запрещенным законом способом гарантируется Конституцией Республики Казахстан. Цензура запрещается» [1]. Свобода слова - вот чем апеллируют большинство пользователей интернет. Интернет - это 200 миллионов соединенных вместе компьютеров, и для их контроля нужно еще столько же. Проследить за всеми материалами в сети невозможно. Есть риск дезинформации, некомпетентности публикуемых статей и соответственно комментариев. Данная тема является одной из самых актуальных, так как Интернет с каждым днем увеличивает число пользователей, а количество интернет-изданий в Казахстане также растет. Этот аспект охватывает не только журналистскую среду, но и все общество.